

**Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектеп бойынша ұйымдастырушы-
педагогтың
2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыстарының
анықтамасы**

2022-2023 оқу жылы жоспарына сәйкес, 1 қыркүйек – Білім күніне арналған «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» атты салтанатты жиын өтті. 5 қыркүйек – тілдер мерекесі және А.Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай апталық іс-шара жасалынып, жоспарға сәйкес атқарылған жұмыстар әлеуметтік желіге жарияланды.

Мектеп кітапханашылары «Тіл мерейі – ел мерейі» атты кітап көрмесін ұйымдастырып, оқушыларға таныстырып өтті

А.Байтұрсынұлының 150

жылдығына орай 10-11 сыныптар арасында синхронды түрде жалпықазақстандық диктант болып өтті. 9-11 сыныптар А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай «Ахмет – ұлт ұстазы» тақырыбында эссе байқауы, ағылшын пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Sing along and enjoy the language» мерекелік кеш, «Көркем сөздің зергері» тақырыбында ақын шығармаларын рөлге бөліп оқу, А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай «Ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға» өмірі мен шығармашылығына арналған кеш, «Тіл мерейі – ел мерейі» атты кітап көрмесі «А.Байтұрсынов – қазақ халқының рухани көсемі» атты әдеби кеш болып өтті.

Жол қауіпсіздік ережелерін сақтау мақсатында «Жолда абай бол..» атты түсіндірме жұмыстары өтті.

Қыркүйектің екінші жексенбісі – отбасы күніне орай мектепшілік іс-шара жасалынып, іс-шараға сәйкес жұмыстар атқарылды. Оқушыларға отбасының адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, ата-аналарға, үлкендерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу, отбасы құндылықтарын түсіндіру мақсатында «Отбасы – бақыт мекені» сынып сағаттары, 8-11 сынып ата-аналары арасында «Отбасы – тәрбие бастауы» атты жұмыс, психологтың ұйымдастыруымен «Оқушылардың психикалық денсаулығын сақтау» атты дәріс болып өтті.

М.Әуезовтың 125 жылдығына арналып «Қазақстан үшін Әуезов – екінші Абай» атты таным сағаты болып өтті.

1 қазан - Қарттар күні және ұстаздар мерекесіне орай «Қарттарым - асыл қазынам», «Ұстаз аты - биік, әрі мәңгілік» мектеп ардагерлеріне арналған мерекелік іс-шара болып өтті.

Д.Исабековтың 80 жылдығына орай «Гауһартас» повесі бойынша оқырман конференциясы болып өтті.

19 қараша – халықаралық темекіге қарсы күніне орай 8-сыныптар арасында «Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» атты сайыс болып өтті.

ҚР Тәуелсіздігі күніне орай «Қазақстан – тәуелсіз ел» атты мерекелік шара болып өтті.

«Жаңа жыл: жаңа белес, жаңа арман!» жаңа -2023 жылды қарсы алуға арналған мерекелік шаралар баолып өтті.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылып келеді. 25 қазан - Республика күніне орай «Республикам менің» атты челлендж, Қазыбек бидің 355 жылдығына арнап, сөз өнерін қадірлей білуге, шешендік сөздерінің мән-мағынасын түсіну мақсатында «Қазып айтқан Қазыбек» тақырыбында шешендік сөздерінен тәрбиелік шара болып өтті. Д.Исабековтың 80 жылдығына орай «Гауһартас» повесі бойынша оқырман конференциясы болып өтті. Мектеп оқушыларының кітап оқуға деген қолжетімділігін арттыру мақсатында, «100 кітап» атты стенд әзірленіп, ілінді.

Мектеп оқушылары арасында кітап оқуды танымал ету мақсатында «Кітап оқы – рухани бай бол!» атты акция ұйымдастырылды. 5-7 сынып оқушылары арасында «Мен есірткіге қарсымын» атты эссе жазылды.

Ақын М.Мақатаевтың туғанына 92 жыл толуына орай «Поэзияның асқар шыңы - Мұқағали» атты әдеби-сазды кеш болып өтті.

Мақсаты: Ақиық ақын, артына айрықша өшпейтін із қалдырған Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау.

М.Мақатаевтың өлеңдері мен әндері арқылы оқушыларды әсемдікке, елжандылыққа тәрбиелей отырып, поэзия әлемінің сырын ашу.

Әдеби-сазды кеште ақынның «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын сахналанып, поэзиялық шығармаларын жатқа мәнерлеп оқылып, әнге жазылған өлеңдері орындалды.

Ж.Жабаевтың туған күніне орай «Жыр алыбы – Жамбыл» тақырыбында кеш ұйымдастырды. Кеш 10-сынып оқушысы Низатулла Кемеңгердің орындауындағы күймен ашылып, оқушылардың «Айкүміс пен Жамбылдың айтысымен» жалғасып, ақынның жырларын жатқа оқып, өмір жолынан көрініс көрсетіп, көптеген мәліметтер берілді.

Есірткінің жасөспірім ағзасына зияндылығы, құқықтық салдары және оларды есірткі курьері ретінде тартудың тәсілдері туралы, есірткінің заңсыз айналымына жоғары табыс іздеп тарту фактілерінің алдын алу үшін Қызылорда облысының Полиция департаментінің ЕҚҚҚБ -мен мемлекеттік тілде дайындалған бейнедәрісі аудандық білім бөлімінің 2023 жылғы 31 ақпандағы №255 санды хатына сәйкес,

/ 8-11 сынып оқушыларына көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

8-наурыз «Қыз еркем, қылығымен көркем» атты 8-9 сынып оқушылары арасында қыз сыны байқауы болып өтті. Мақсаты: ұлттық құндылықтарымызды қастерлей білге тәрбиелеу, н нәзік жанды аруларымыздың көркемдік талғамын қалыптастыру. Сайыста бес кезең бойынша бақ сынасты.

Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесін насихаттау, мерекелеу мақсатында мектеп оқушылары арасында «Армысың, өз Наурыз» атты шаралар, тәрбие сағаттар болып өтті.

«Абай мұраларын ұлықтайық» атты мектепшілік Абай оқулары сайысы өтті.

Мақсаты: Қазақтың бас ақыны, ағартушысы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, сазгер, аудармашы, саяси қайраткер

Абай Құнанбаевтың мол мұрасын насихаттау.

Ұлыларымызды құрметтеу, даналардың даралығын бағалау, қастерлей білуге баулу.

Білім алушылар «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» кезеңдері бойынша сайысқа түсті.

Мектеп оқушыларымен дені сау ұрпақ ертеңгі елдің болашағы екендігін түсіндіру бағытында «Дені саудың жаны сау» атты «Ашық алаң» болып өтті. Ашық алаңда Қазалы аудандық ауруханасының иммунолог дәрігері Иімбет Айнагүл және Қазалы аудандық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының дәрігері Алиева Әйгерім дәріс оқыды.

Мақсаты: Жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажетті бағалы байлық екендігін түсіндіру.

12 сәуір – ғарышкерлер күніне орай 4-6 сынып оқушылары арасында «**Ғарыш әлемінде...**» атты көрме ұйымдастырылды.

Мақсаты: Адамзат баласының ғарышты игерудегі жетістіктері, оның ғылыми маңыздылығын ұғындыру:

Жас ұрпақтың патриоттық, отаншылдық сезімін оята отырып, елін, жерін сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеу, ғарышкерлерге деген құрмет сезімге баулу. Ғылыми жаңаалықтардың маңыздылығын түсіне білу қабілеттерін дамыту.

7-8 сынып оқушылары арасында 1 мамыр – Қазақстан Халықтарының бірлігі күніне орай «Мақсаттар бірлігі – рух бірлігі» атты ұлт өкілдерінің фестивалінің болып өтті. Фестивалде оқушылар «Сәлем – сөздің анасы», «Өнерлі өрге жүзер», «Ұлттық өнер – ұлттық қазына» кезеңдерінде оқушылар әр ұлттың сәлемдесуін, ұлттық өнерін паш етіп, ұлттық қолөнер бұйымдарын жасап әкеліп, шеберліктерін көрсетті.

Мақсаты: көпұлтты Қазақстан Республикасының халықтар достығы – еліміздің бірлігінің кепілдігі екендігін таныту.

Әр халықтың өнері, тілін біле отырып, өзге ұлттың рухани байлығын сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.

Мектеп оқушыларының еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін дәріптеу, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру мақсатында жалпыұлттық диктант алынды.

7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай мерекелік құттықтау кеші ұйымдастырылды.

1 маусым күні 11-сынып оқушыларына арналып «Мектеп күнін, қоңырау үнін қимаймыз» атты соңғы қоңырау салтанатты жиын болып өтті. Жиынға аудандық білім бөлімі, аудан әкімшілігінен қонақтар, ата-аналар келіп қатысты.

Атқарылған шаралар уақытылы әлеуметтік желіге жарияланып отырды.

Ұйымдастырушы-педагог: Қожанова Н. Т.

